

**«Altyn Uya New» жеке балабақшасының
кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының №5 §1 хаттамасы**

Өткізілген күні: 29.06.2026 жыл

Төрайымы: Таухабаева А.А.

Төрайым орынбасары: Есказиева А.Е.

Хатшы: Жасыбаева Г.К.

Қатысқаны: 6 педагог

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Батыс Қазақстан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы «02» ақпандағы №24 бұйрығына (07.11.2025 жыл №1040 бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар) тізбесі негізінде балабақшада өзін-өзі бағалау жүргізу.

(Жауапты: А.А.Таухабаева)

2. Балабақшада өзін-өзі бағалауды өткізу үшін комиссия құру.

Тыңдалды:

А.А.Таухабаева (меңгеруші): 2026 жылғы «02» ақпандағы №24 бұйрығына (07.11.2025 жыл №1040 бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар) сәйкес 2026 жылдың тамыз айында балабақша мемлекеттік аттестаттаудан өтеді.

Білім беру ұйымы жыл сайын ұсынылатын білім беру қызметтерінің МЖМБС талаптарына сәйкестігін 2024-2026 оқу жылдарына өзін-өзі бағалау жүргізеді және білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствосына, оның аумақтық бөлімшелеріне өзін-өзі бағалау материалдарын ұсынады.

Мемлекеттік аттестаттау — мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарында, олардың меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан профилактикалық бақылау арқылы 5 жылда 1 рет білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелерінде ҚР Кәсіпкерлік кодексіне және ҚР «Білім туралы» заңына сәйкес жүргізіледі.

Балабақшада өзін-өзі бағалауды жүргізу үшін төрағаны қоса алғанда, білім беру ұйымының кемінде 5 адамнан тұратын аттестаттау комиссиясы құрылу керек.

Комиссия мүшелері, 2024-2025 және ағымдағы оқу жылының МЖМБС талаптарына сәйкестігіне өзін-өзі бағалау жүргізеді, саралайды, қорытынды жасайды.

Өзін-өзі бағалауды Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа ала отырып жүргізеді.

Сөз сөйлегендер:

А.А.Таухабаева (меңгеруші): Бағаланатын кезеңге қандай талаптар қойылады? Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бағалау субъектісіне бармай профилактикалық бақылау жүргізілетіні және бағалау өлшемшарттарына сәйкес бұрын өткен оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы осы бақылау басталғанға дейін бағаланатын кезең болып табылады.

Бақылау кезінде ең басты мақсат: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптардың орындалуы екендігі, яғни Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы бұйрықтары мен әдістемелік нұсқаулықтарына сәйкес білім беру қызметінің жүзеге асырылып, орындалуы басты бақылау нысаны екендігі түсіндірілді.

Балабақшаның бағаланатын кезеңі: 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарын қамтиды.

А.А.Таухабаева (меңгеруші): Балабақшаны мемлекеттік аттестациядан өткізу үшін балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұсынымдарға сәйкес аттестация комиссиясы құрамына төмендегі қызметкерлер ұсынылды:

Комиссия төрайымы: А.А.Таухабаева - меңгеруші

А.Е.Есказиева - тәрбиеші

Д.Б.Сагинова - тәрбиеші

Г.Б.Джумабаева - тәрбиеші

С.М.Сулейменова - тәрбиеші

Г.К.Жасыбаева - тәрбиеші

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығының негізінде жүргізілетін және соған байланысты кезеңдеріндегі құжаттардың толықтай қамтылуын, жүргізілетін жұмыстардың талапқа сай жүйелі түрде жүргізілуі қажет екендігі ескеріліп, өзін-өзі бағалау жұмысының жүйелі жүргізілуі жұмыс жоспары құрылсын.

Шешім:

1. Балабақшада өзін-өзі бағалау кезеңі 2026 жылдың 30 маусым мен 31 шілде аралығында жүргізілсін.

2. Балабақшада өзін-өзі бағалау жүргізу үшін бұйрық негізінде комиссия төмендегідей құрамда бекітілсін:

Комиссия төрайымы: А.А.Таухабаева «Altyn Uya New» жеке балабақшасының меңгерушісі.

А.Е.Есказиева «Altyn Uya New» жеке балабақшасының әдіскері-комиссия мүшесі

Д.Б.Сагинова «Altyn Uya New» жеке балабақшасының тәрбиешісі-комиссия мүшесі

Г.Б.Джумабаева «Altyn Uya New» жеке балабақшасының тәрбиешісі-комиссия мүшесі

С.М.Сулейменова «Altyn Uya New» жеке балабақшасының есепшісі-комиссия мүшесі

Г.К.Жасыбаева «Altyn Uya New» жеке балабақшасының тәрбиешісі- хатшы

3. Балабақшаның өзін-өзі бағалау жұмыс жоспары бекітілсін.



Педагогикалық кеңес төрайымы:

Таухабаева

А.А.Таухабаева

Хатшы:

Есказиева

А.Е.Есказиева